



Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі мен Болгария Республикасының Әділет министрлігі арасындағы Ұнтымақтастық туралы меморандумға қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 21 сәуірдегі N 374 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі мен Болгария Республикасының Әділет министрлігі арасындағы Ұнтымақтастық туралы меморандумға қол қоюға келісім берілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі мен Болгария Республикасының Әділет министрлігі арасындағы Ұнтымақтастық туралы МЕМОРАНДУМ

Бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі мен Болгария Республикасының Әділет министрлігі, екі мемлекеттің әділет министрліктері арасындағы ынтымақтастықтың қажеттігін м о й ы н д а й о т ы р ы п , қазақстандық және болгарлық заңгерлер арасындағы өзара түсіністік пен достық қарым-қатынастарды нығайту мақсатында, төмендегілер туралы келісті:

1-БАП

Тараптар мынадай бағыттар бойынша ынтымақтастықты жүзеге асыратын болады:

- 1) заңнама туралы ақпарат алмасу;
- 2) Тараптардың әділет органдары мен мекемелерінің ұйымдастырылуымен және қызметімен танысу үшін делегациялар алмасу;
- 3) Тараптардың әділет органдары мен мекемелері арасында әріптестік байланыс о р н а т у ;
- 4) әділет ұлттық жүйелерін ақпараттандыру саласында мамандар алмасуды жүзеге асыру.

2-БАП

Осы Меморандумның шеңберінде Тараптар меншік қатынастары, инвестициялар және өзара мүддені білдіретін басқа да келісілген тақырыптар саласында бірлескен бағдарламалар әзірлеу және заңнаманы жетілдіру жөніндегі комиссиялар құра алады.

3-БАП

Осы Меморандумды орындау мақсатында Тараптар жыл сайын тиісті қаржы мүмкіндіктерін негізге ала отырып, келесі жылға өздерінің нақты ынтымақтастық жобаларын келісетін болады.

Ынтымақтастық бойынша бірлескен іс-шараларды қаржыландыру кезінде Тараптар оларды ұйымдастыру және Тараптар делегацияларының келуі жөніндегі шығыстарды, сондай-ақ мүмкін болатын медициналық шығыстарды қабылдаушы Тарап көтеретін, ал көлік шығыстары жіберуші Тарапқа жүктелетін қағидатты ұстанатын болады.

4-БАП

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Меморандумға осы Меморандумның ажырамас бөлігі болып табылатын хаттамамен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

Тараптар арасындағы осы Меморандумның қолданылу саласына қатысты мәселелер жөніндегі даулар мен келіспеушіліктер екі жақты келіссөздер мен консультациялар арқылы шешілетін болады.

5-БАП

Осы Меморандум қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді және белгіленбеген мерзімге жасалады және Тараптардың бірінің екінші Тарапқа осы Меморандумның қолданылуын тоқтату туралы өз ниетін жазбаша хабарлаған күнінен бастап алты ай өткенге дейін күшінде қалады.

2003 жылғы _____ қаласында қазақ, болгар және орыс тілдерінде әрқайсысы екі данада жасалды әрі барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Меморандумның ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер болған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінеді.

Қазақстан Республикасының *Болгария Республикасының*
Әділет министрлігі үшін *Әділет министрлігі үшін*